

**D-O-3 санатты аумақтағы құрылыс және жоспарлау
бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік
мемлекеттік лауазымына орналастыру бойынша «Павлодар
облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ
конкурстық комиссиясы отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Павлодар қаласы

**2016 жылғы « 5 » желтоқсан
Басталуы: сағ. 15 : 00 мин.**

Конкурстық комиссияның құрамы – 5 адам.
Қатысты: 7 адам.

Роза Жұмашқызы Омарова

- ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің басшысы, комиссия төрайымы;

Асқар Құмарханұлы Ақпанов

- мемлекеттік қала құрылысы кадастры бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы.

Комиссия мүшелері:

Кәмшат Төлеуханқызы Балтабаева

- ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің бас маман-аудармашысы;

Қабдуәли Мұратұлы Қабдрахманов

- ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің бас маман-бас бухгалтері;

Жанболат Мейірманұлы Әшірбек

- аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы;

Айнұр Оралбекқызы Нұрғалиева

- аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы.

Байқаушы:
Ерсін Александрұлы Жұматаев

«Павлодар облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» ММ әкімшілік-құқықтық бөлімінің басшысы.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) мемлекеттік қызметшілері арасындағы ішкі конкурсқа (бұдан әрі – ішкі конкурс) қатысушылардың D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымы орнына ұсынған құжаттарын қарау және іріктеу.

2. Ұсынылған құжаттардың жарияланған D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымы орнына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі және қатысушыларды әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылдау.

Тыңдалды: Комиссия мүшесі, ұйымдастыру-кадрлар және қаржы жұмысы бөлімінің бас маман-аудармашысы К.Т. Балтабаева 2016 жылғы 25 қарашада Басқарманың deparhpo.gov.kz интернет-ресурсында және уәкілетті органның kyzmet.gov.kz ресми сайтында ішкі конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланып, оның 2016 жылғы 30 қарашада аяқталғанын хабарлады.

2016 жылғы 30 қарашада ішкі конкурсқа қатысу үшін E-R-4 санатты, «Павлодар қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы Назар Әнуарбекұлы Жұмабековтен өтініш және қызметтік тізім қабылданды, ол 1984 ж. 11.11. туылған, «Сәулет» мамандығы бойынша «Сәулет бакалавры» біліктілігімен «жоғары білімі бар».

ЖОО-ны аяқтағаннан кейін еңбек жолын «Павлодар облысының сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ-де 2007 жылғы 1 қарашадан бастап, 2013 жылғы 20 тамызға дейінгі кезеңде аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің бас маманы, өндірістік-экономикалық бөлімнің басшысы болып қызмет етті. 2013 жылғы 21 тамыздан 2015 жылғы 4 мамырға дейін «Ақсу қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ басшысы лауазымында жұмыс істеді, 2015 жылғы 10 қазаннан осы күнге дейін «Павлодар қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы болып қызмет атқарады.

Жалпы еңбек өтілі 9 жыл 1 ай, мемлекеттік қызметті өткерудегі еңбек өтілі – 9 жыл 1 ай.

Ішкі конкурсқа қатысушы Н.Ә. Жұмабеков «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидалары» 4-бөлімі 2-параграфының 48-тармағына сәйкес барлық құжаттарын конкурстық комиссияға ұсынды.

Назар Әнуарбекұлы Жұмабеков ұсынған құжаттардың топтамасы біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Ішкі конкурса қатысушының құжаттары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2016 жылғы 22 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасудың кейбір мәселелері туралы» № 12 бұйрығына өзгеріс егізу туралы» № 1158 бұйрығымен бекітілген «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына үлгілік біліктілік талаптары» 2-бөлімінің 36-тармағына сәйкес қатысушыға қойылатын тиісті «Б» корпусының D-O-3 санатты әкімшілік мемлекеттік лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікке қарап және талдап, Баскарманың конкурстық комиссиясы

ШЕШТІ:

1. E-R-4 санатты, «Павлодар қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ басшысы Назар Әнуарбекұлы Жұмабеков D-O-3 санатты, аумақтағы құрылыс және жоспарлау бөлімінің басшысы «Б» корпусының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымына орналасу үшін әңгімелесуге жіберілсін.

Комиссия төрайымы:



Р. Омарова

Комиссия хатшысы:



А. Ақпанов

Комиссия мүшелері:



К. Балтабаева



Қ. Қабдрахманов



Ж. Әшірбек



А. Нұрғалиева

